Ұйымдастырушы "Маңғыстау аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өткізген №14830591-1 «Ақтөбе ауылдық округіне қарасты ауылдардың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету» конкурсы бойынша 03.06.2025 жылғы Қорытынды туралы хаттамамен келіспейміз. Келіспейтін себебіміз төменде көрсетілді.

Осы конкурсқа қатысуға рұқсат етілген өтінімдерден
1. «НұрАман» ЖШС-і конкурсқа салған материалдық ресурсы бойынша – «ШымТехника» ЖШС-і және жеке тұлға Б. Ж. Бекмырзамен бульдозер техникасын жалға алуға нақты шарт жасалғанын растауыңызды сұраймын, себебі, «ШымТехника» ЖШС-нің айтуы бойынша шарт жасақталмаған.

2. Еңбек ресурстары бойынша біліктілік құжаттары түгел емес, атап айтсақ, 3 (үш) учаске шеберінің біліктілігін растайтын құжаттары жоқ.

Сол себепті, жоғарыда көрсетілген негіз бойынша Қорытындылар туралы хаттамамен келіспейтінімізді және конкурс қорытындысын қайта қарауыңызды сұраймын.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 78-тармағында көрсетілген: **Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы расталады.**

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республика Қаржы министрінің 2024 жылғы 9-қазандағы №687 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9-қазанда №35238 болып тіркелді. Осы бұйрық қолданысқа 01.01.2025 ж. бастап енгізілді.

«Stroy Capital LTD» ЖШС-і басшысы Айтыманов А. Е.